

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00
Т 28

*Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Редакциялық-баспа кеңесімен ұсынылған*

Тәжібаев Т.

Т 28 Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. Ш. 69. – 336 б., сур.

ISBN 978-601-04-1168-5

Көрнекті қайраткер, дипломат, ұлағатты ұстаз, Сыртқы істер халық комиссары, 1948–1953 жж. аралығында қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болған педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА академигі Төлеген Тәжібаевқа арналған бұл кітапта ғалымның қоғамдық және мемлекеттік, ғылыми-педагогикалық қызметі мен өмірінің негізгі кезеңдері қамтылған мақалалар, мұрағат құжаттары, фотосуреттер, әріптестері мен шәкірттерінің естеліктері берілген.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

**ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00**

Құрметті оқырман!

Қазақ ұлты үшін ардақты есімдердің бірі – Төлеген Тәжібаев. Ол жоғары білім беру саласының білікті ұйымдастырушысы, аяулы ұстаз, шаршы топта сөз бастаған шешен, ел мен елді елдестірген елші, қайырымды басшы болды. Сонымен қатар ғалымдығы бұл тізімді толықтырады. «Өнегелі өмір» сериясының кезекті шығарылымы осынау абзал азаматқа арналмақ.

XX ғасырдың басындағы ауыр нәубет Тәжібай ақсақалдың отбасын айналып өтпеді. Ел жұтқа ұшырап, бұл шаңырақтың шырағы сөнудің азақ алдында қалды. Жеті жасар Төлеген босқан жұртқа ілесіп Арыс бекетіне жетеді. Ажал тырнағынан аман қалған баланы теміржолшы Кабанов асырап алған екен. Жастайынан алғыр, білімге құштар болып өскен Төлегеннің педучилищесіндегі ұстазы белгілі алаш қайраткері, ақын, жазушы, драматург, ғалым Жүсіпбек Аймауытұлы еді. Ол сол кезде кенже ғылым саналатын жантануға Төлегенді баулиды. Жас шәкірт бұл білімімен шектелмей, оқу іздеп Мәскеуге аттанады.

Төлеген Тәжібаев – отызында орда бұзып, қырқында қамал алған азамат. 1940 жылдан бастап әкімшілік қызметке араласып, Халық ағарту ісі комиссарының орынбасары, бір жылдан соң комиссары, одан Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары болады. Сол кезеңде Сыртқы істер халық комиссариаты отау тігіп, төрағалығына бекітіледі. Жаңа қызмет барысында КСРО Сыртқы істер министрі С.М. Молотовпен танысуы кейінгі тағдырына әсер еткен.

Т. Тәжібаев – Біріккен Ұлттар Ұйымының мінберінен сөйлеген тұңғыш қазақ. Бұның өзі көп жайды аңғартса керек. Көреген саясаткер, шебер дипломаттығы КСРО-ның Үндістандағы елшілігінде кеңесші қызметін атқарғанда да танылды.

Хочется отметить его наблюдательность за ходом различных событий в семье, а также его безупречную преданность и любовь к нашей семье. В этой связи хочу привести один весьма показательный случай. До Октябрьской революции наш отец работал в почтовом вагоне и по долгу службы имел оружие. Во время революции временно было прекращено курсирование почтовых вагонов, отец уже не работал, но пистолет оставался при нем, и он спрятал его в сарае под крышей. Время было смутное, власть переходила из рук в руки. Начались повальные обыски, искали главным образом оружие. Какая-то непонятная власть нагрянула с обыском и в наш дом. Отцу грозила большая опасность в случае обнаружения у нас оружия. Тулеген быстро все понял, маленький, юркий, побежал, никем не замеченный, в сарай, забрал пистолет и скрылся. В сарае тщательно обыскали и то место, где когда-то находился пистолет. Отец был в недоумении. А когда обыск кончился, Тулеген очень таинственно сообщил отцу, что он знал, где лежит пистолет, а когда пришли люди, понял, что грозит беда, забрал пистолет, убежал в степь и бросил в копну нарубленного джусая...

Наша семья жила в Арыси с 1901 по 1932 г., в Джамбуле с 1932 по 1941 г. и в Чимкенте с 1941 г. по настоящее время.

Чимкент

А.Р. МАСАЛИМОВА,
*философия ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
философия және саясаттану факультетінің деканы*
Ж.С. СЕЙІТНҰР,
*психология ғылымдарының кандидаты,
жалпы және қолданбалы
психология кафедрасының доценті*

ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ – ЖАСТАРҒА ҮЛГІ-ӨНЕГЕ

Қазақтың тарихы небір көрнекті тұлғаларға бай. Соның бірі – ұлтымыздың тұңғыш психолог-ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Төлеген Тәжібаев (1910–1964). Оның өмірбаяны мен ғылыми және қоғамдық қызметін баяндамастан бұрын, ғалым өмір сүрген заманның келбетіне тоқтала кеткен жөн. Бұл кезеңде бұрынғы Кеңес Одағында ХХ ғасырдың 20-ж. ортасында орныққан әміршіл-әкімшілдік жүйе өзінің шарықтау шегіне жеткен еді. Қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласынан бұл айқын көрініс тапты. Ғылым мен мәдени өмір орталықтан басқарып отырған Коммунистік партияның қатаң бақылауына алынды. Саяси-идеологиялық қысым салдарынан ғылым мен мәдениет еркін дами алмады. Соған қарамастан республикада білім мен ғылым саласының институционалдануы орын алды. Жана мәдени, білім ошақтары пайда болды.

Сан қырлы өткен тарихымызды қарап отырсақ, кеңес заманында қазақ зиялылары саяси репрессиялық жазалаудың үш толқынын бастан кешкен екен: 1) 1928–1932 жылдары алаш интеллигенциясы түрмеге камалды, сотталды, атылды; 2) 1937–1938 жылдары «халық жауларын» жою науқаны өтті; 3) 1946–1953 жылдары «буржуазиялық ұлтшылдар» мен космополиттерге қарсы күрес жүргізілді. Мұның бәрі Қазақстандағы ғылым мен мәдениеттің дамуына үлкен зиянын тигізді. Ғалымдарды, жоғары оқу орындары қызметкерлерін қудалау мен жазалау шаралары ХХ ғ. 20-жылдарынан басталып 50-жылдарға дейін жүргізілді. Қазақстан жерінде орын алған мұндай жаппай саяси репрессияны тек И. Сталиннің өлімі ғана тоқтатқанымен қазақ

интеллигенциясына деген саяси-идеялық күрес кейінгі жылдары да жалғасын тауып жатты. Оның соңғы демі әйгілі сексен алтыншы жылдың Желтоқсан оқиғасына тіреледі.

Кеңес заманында қазақтың көрнекті тұлғаларының биліктің қаһарына ұшырап, жазалануы не жақпай қалуы жиі орын алды. Тіпті кеңес өкіметінің саясатын қолдағандардың өзі жазадан тыс қалмады. XX ғ. 30-40 жылдарындағы жаппай жазалау барлық деңгейде кадрлар тапшылығына әкелді. Олардың орнын толтыру қажеттілігі қатты білінді. Кеңес үкіметінің мемлекеттік басқару жүйесіндегі басшылар мен маман қызметкерлердің тапшылығынан қазақ жұмысшылары мен шаруалардың арасынан алғыр, істің мәнін тез түсінетін адамдарды басшылық қызметтерге тағайындау басталды. Кадр таңдауға таптық тұрғыда келу, әсіресе, 30-жылдардың ортасында кең етек алды. Байлардың тұқымына сенімсіздік көрсетілді. Халықтың рухани мәдениетін, сақтаушы, қорғаушы және дамытушы болған ескі интеллигенция өкілдері жаппай түрмелерге жабылды, айдалды, атылды. Сөйтіп, қазақ зиялыларының әлеуметтік-саяси сипаты айтарлықтай үлкен өзгеріске ұшырады. Республикаға одақ дәрежесі берілгенімен большевиктік саясат нәтижесінде қазақтар ата-бабалары мұраға қалдырған бірталай жерлерінен айырылды, аштық пен қуғын-сүргін салдарынан халықтың тең жарымына жуық бөлігін жоғалтты. Үрей мен қорқыныш елді басқарудың басты тәсілі болды. Тілалғыш, кеңес үкіметіне берілген, жоғарыдағылардың тапсырмасын екі етпейтін шенеуніктер мен пролетарлық интеллигенция пайда болды.

Міне, Төлеген Тәжібаевтың педагогикалық, қоғамдық қызметінің басталуы осындай кезеңге тап келді. Жастайынан жетім қалып, орыс отбасында өскен Т. Тәжібаев кейін жасөспірім шағында балалар үйінде тәрбиеленді. Тұлғаның өзіндік санасы әлеуметтенудің осындай сатысында қалыптасатыны белгілі. Өз өмірбаянында жазғандай, ол кеңес үкіметіне үлкен қарыздар еді. Жиырма бір жасында Мәскеудегі Н. Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясына оқуға жіберілді. Мұнда ол өзінің білімге құштарлығы мен қоғамдық белсенділігімен көзге түседі. Комсомол комитетінің хатшысы боп жұмыс істеді. Кейін 1939 жылы ол БКП(б) мүшесі болды. Коммунистік партия қатарына өту оның мемлекеттік қызметкер, дипломат, педагог ғалым ретіндегі кейінгі өмір жолын анықтаған маңызды фактордың бірі деуге болды.

Мәскеудегі Н. Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясын ойдағыдай бітіріп, педагогика ғылымдарының кандидаты атағына ие болған Т. Тәжібаев Қазақстанға оралған соң Абай атындағы ҚазПИ-дің педагогика және психология кафедрасында қызмет атқарады. Ол кездері жоғары білімі мен атағы бар қазақтардың саны саусақпен санарлықтай болғандықтан, жас кадрларды тез жоғарылату орын алды. Қазақ ұлты өзінің алаштық бетке шығар қаймақтарынан айырылғандықтан, олардың орнын басатын жаңа буын интеллигенция тарих сахнасына шықты. Оларды басқарушы қызметке ұсыну қызыл қырғында қаза тапқан мемлекет және қоғам қайраткерлерінің бос орындарын шұғыл толтыруға мүмкіндік берді.

1940 жылы небәрі отыз жастағы жас ғалым Төлеген Тәжібаев Қазақстанның Халық ағарту комиссарының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалады, көп ұзамай ҚазКСР Халық ағарту комиссары болады. Ол бұл қызметінде өзінің қажырлы ұйымдастырушы, іскер басшы екендігін көрсетті. Республикадағы білім беру ісіне жан аямай беріле кіріседі. Алайда бұл кезеңдерде казактың интеллигенциясы Коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің жазалау органдарының жіті бақылауы жағдайында қызмет етуіне тура келді. Ол кездерде большевиктердің мәдени революциясының құрамдас бір бөлігі – әліпби ауыстыру реформасы еді. Халықтың тарихи санасын жоюға бағытталған бұл шара екі кезеңнен тұрды: әуелі ғасырлар бойы пайдаланып келген араб әліпбиін латынға, артынан оны 1940 жылы кириллицаға ауыстыру орын алды. Жаңа әліпби өзіндік идеялар сүзгіші функциясын атқарды. Кеңеске дейінгі кезеңде ғасырлар бойы жинақталған жазба мәдени мұрамен кейінгі ұрпақтың танысуы қиынға соқты. Мәдени-рухани сабақтастық Кремль тарапынан әдейі үзілді. Кеңес үкіметінің мәдени саясаты бір-біріне кереғар келетін сипатта болды: бір жағынан халықтың сауатсыздығын жоюда орасан зор жұмыстар жүргізілді, екінші жағынан, революцияға дейінгі мол рухани қазынамыз мансұқталды.

Т. Тәжібаевтың атқарған қызметіне көз жүгіртсек, оның небір үлкен белестерден өткенін байқауға болады. Өзінің табиғи дарыны мен өмірлік тәжірибесін еңбекқорлығы арқасында тиімді ұштастырған қайраткер бірнеше қызметті қатар атқарып жүрді. Ол 1944–1957 жж. – Қазақ КСР Сыртқы істер министрі, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. Қай салада жүрмесін

ол өзінің мықты ұйымдастырушы, жауапты қызметкер, сауатты басшы екендігін көрсете білді. Т. Тәжібаев 1957–1961 жылдары Үндістандағы КСРО елшілігінің кеңесші-өкілі болып дипломатиялық қызметтің де қыр-сырын терең меңгерді. Шетелден қайтып келген соң Т. Тәжібаев 1961–1964 жылдары – Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры әрі меңгерушісі қызметтерін атқарды. Мемлекеттік қызметтермен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де шұғылданды. Арнайы талдаулар көрсеткендей, Қазақстанда ХХ ғ. 50-60 жылдарынан бастап тарихи-психологиялық зерттеулер жүргізіле бастады. Оның да негізін қалаған ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы Төлеген Тәжібаев еді. Тарихи зерттеулер дәстүрі педагогика мен психология ғылымында сол кісінің бастамасымен қалыптасты.

Т. Тәжібаев Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы тақырыбына бірқатар құнды ғылыми еңбектер жариялады. Ол Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы және мектептер тарихын арнайы зерттеген ғалым. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың демократ-ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың педагогикалық көзқарастарын зерттеп, келелі пікірлер айтты. Абайдың дүниетанымы, педагогика және психология тұжырымдарына тұңғыш рет материалистік тұрғыда талдау жасады. Оның Қазақстандағы оқу-ағарту ісі мен педагогикалық ой-пікір дамуы жөніндегі зерттеулері көлемді әрі маңызды зерттеулер қатарынан саналады. Бүгінде оның қазақстандық педагогика мен психология теориясының дамуына қосқан елеулі үлесі мен мәнді ғылыми еңбектері жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу саласында кеңінен қолданылып келеді.

Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Төлеген Тәжібаев Қазақ КСР педагогика қоғамының президенті, жоғары және арнаулы орта білім Министрлігінің педагогика және психология саласындағы ғылыми-әдістемелік кеңесінің төрағасы, тағы басқа қоғамдық жұмыстар атқарған. 2-4-сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған.

Т. Тәжібаевтың қаламынан «Психология и педагогическая психология К.Д. Ушинского», «Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы», «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Құнанбаева», «Просвещение и школы Казахстана во второй

половине XIX века», «Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века» атты еңбектер жарық көрген. Т. Тәжібаев Еңбек Қызыл Ту және Құрмет Белгісі ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

2010 жылы ақпан айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақтың көрнекті педагог-психологы профессор Төлеген Тәжібаевтың 100 жылдық мерейтойы кеңінен аталып өтті. Мерейтойына арнап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті ұжымының мүшелері Төлеген Тәжібаевтың еңбектері мен шығармаларының толық жинақтарын шығарды. Маусымның 10-ы күні өткен академик Төлеген Тәжібаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Жоғары білім берудің қазіргі мәселелері: жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияның материалдары еліміздегі ғылыми ақпараттар қорын айтарлықтай байытты. Т. Тәжібаевтың ғылыми қызығушылығы негізінен әлеуметтік-гуманитарлық салаға қатысты болғандықтан, университеттің философия және саясаттану факультеті ғалымның мұраларын зерттеуге көп көңіл бөледі. Факультетте жыл сайын Тәжібаев оқуларын өткізу игі дәстүрге айналды. Бұл күндері қатар өтетін конференция аясында еліміздегі педагогика мен психология ғылымдарының көкейкесті мәселелері талқыланды. Университетте ғалымның есімімен аталатын ғылыми орталық жұмыс істейді.

Сонымен, ойымызды түйіндесек, қазақтың кішкене ғана жетім баласының үлкен қоғам қайраткері, елге танымал ғалымға айналу жолын кейінгі ұрпаққа үлгі тұтар өнеге ретінде келтіруге болады.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| <i>Бас редактордың кіріспе сөзі</i> | 5 |
| Тажібаев Тулеген Тажібаевич (<i>Летопись КазНУ</i>)..... | 7 |
| Автобиография Тажібаева Тулегена Тажібаевича | 9 |
| Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорлары..... | 12 |
| <i>Түрікпенұлы Ж.</i> Т.Т. Тәжібаевтың өмірі мен ұстаздық қызметінің қысқаша очеркі..... | 13 |
| Мұрағат құжаттары..... | 37 |

Қолтаңба

| | |
|---|-----|
| Т. Тәжібаев – К.Д. Ушинскийдің психологиялық жүйесін зерттеуші | 62 |
| Психология курсы мен лекциялары | 130 |
| Ми және психика..... | 153 |
| Елестеу..... | 167 |
| Абайдың психологиялық көзқарастары..... | 175 |
| Бастауыш мектеп оқушыларының ауызекі сөзі мен жазба сөзінің салыстырмалы анализі..... | 202 |

Ғалым. Ұстаз. Қайраткер

| | |
|---|-----|
| <i>Нәрібаев Қ.</i> Төлеген Тәжібаев – ғұлама ғалым, көрнекті қайраткер, ұлағатты ұстаз | 214 |
| <i>Намазбаев Ш.</i> Төлеген Тәжібаев біздің есімізде | 217 |
| <i>Асылбеков М.Х.</i> Академик Т. Тәжібаевтың қоғамдық-саяси мұрасы..... | 224 |
| <i>Тажібаева А.Ш.</i> Воспоминание о Тулегене | 233 |
| <i>Кабанова К.Н.</i> О юных годах Тулегена Тажібаева..... | 238 |
| <i>Масалимова А.Р., Сейітнұр Ж.С.</i> Төлеген Тәжібаевтың өмір жолы – жастарға үлгі-өнеге..... | 241 |
| <i>Шүлембаева Р.</i> Он опережал свое время..... | 246 |
| <i>Жақып М.</i> Елдің есінде жүретін нар тұлға | 251 |
| <i>Жарықбаев Қ.Б.</i> Жарты ғасырдан астам Төлеген Тәжібаев мұрасын зерттедім | 261 |
| <i>Түрікпенұлы Ж.</i> Педагог. Ғалым. Қайраткер | 266 |
| <i>Қалымбетова Э.К.</i> Т. Тәжібаев және Қазақстандағы психология ғылымы: кеше және бүгін | 269 |
| <i>Мынбаева А.К.</i> История личности и личность в истории Казахстана: академик Тулеген Тажібаев..... | 272 |
| <i>Есқайыров М.</i> Іскер басшы, ұлағатты ұстаз | 275 |
| <i>Гаипов З.С.</i> Сын своего времени..... | 279 |
| <i>Тілеуұлы Ж.</i> Талантымен табындырған тұлға | 285 |

| | |
|---|-----|
| <i>Құдайбергенов Ж.Д.</i> Естелік | 296 |
| <i>Омаров Ә.</i> Академик, профессор, психолог-педагог Төлеген Тәжібаев туралы | 298 |
| <i>Ахметова М.К.</i> Учения Л. Брюля, Ж. Пиаже и Л.С. Выготского в свете критической оценки академика Т.Т. Тажибаева | 305 |
| Тұғыры биік тұлға..... | 316 |

Арнау өлеңдер

| | |
|--|-----|
| <i>Мейірбеков Қ.</i> Төлеген Тәжібаевқа..... | 322 |
| <i>Телгозиев Ә., Ерімбетов М.</i> Ағып өткен қыраным! | 325 |
| <i>Иса Қ.</i> Дара шын..... | 326 |
| <i>Сасықбаева Г.Ш., Күзербаев И.</i> Мектебіміздің әнұраны..... | 327 |
| <i>Әбетаева Ә.</i> Төлеген Тәжібаевқа | 328 |
| <i>Асанбаева А.Ж.</i> Арнау..... | 329 |
| Т. Тәжібаевтың жетекшілігімен қорғалған диссертациялар | 330 |
| Т. Тәжібаевтың ғылыми мұрасы жайлы қорғалған диссертациялар..... | 330 |
| Академик Т. Тәжібаев еңбектерінің тізімі | 331 |
| Академик Т. Тәжібаевтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері | 333 |